

"Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 29 наурыздағы № 188 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 196-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 29 наурыздағы
№ 188 қаулысы
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 1546 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 196-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік

мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) облыстық уәкілетті орган – облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

2) аудандық уәкілетті орган – аудандық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілеттік берілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

3) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлік жөніндегі уәкілетті органы – аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

4) мониторинг объектісі – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік мүліктің құрамына кіретін, оның ішінде сенімгерлік басқаруға, мүліктік жалдауға (жалға алуға), концессияға не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша берілген мүліктің барлық түрлері;

5) мониторинг субъектілері – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган, облыстық уәкілетті орган, аудандық уәкілетті орган, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі бойынша уәкілетті орган;

6) даму жоспары – мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам мен акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметінің бесжылдық кезеңге арналған негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

7) іс-шаралар жоспары – ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг және ұлттық компания қызметінің бесжылдық кезеңге арналған негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын құжат;

8) мемлекеттік мүлік тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резервті қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі.

3. Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) мемлекеттік мүліктің сапасы және саны бойынша жай-күйін, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың қызметінде болып жатқан өзгерістерді уақтылы айқындау, одан әрі дамуын болжау және теріс процестердің алдын алу мен салдарын жою жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында олардың технологиялық, қаржы-шаруашылық қызметін, құқықтық сипатын талдауды білдіреді.

4. Мониторинг ел және өңірлер экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтауға және нығайтуға әсер ететін мониторинг объектілерінің жай-күйін және даму үрдістерін анықтайды.

5. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мүддесін қамтамасыз ету мониторингтің мақсаты болып табылады.

6. Мыналар:

1) мониторинг объектілерін басқарудың тиімділігін кешенді талдау және мемлекеттік мүліктің жай-күйін тұтас бағалау;

2) концессиялар шарттарының не мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік меншік объектілерін сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) шарттарының міндеттемелері мен талаптарының орындалуын талдау;

3) мониторинг объектілері техникасының, технологиясының даму перспективаларын және олардың өңірлердің жай-күйіне әсерін сараптамалық талдау;

4) тізілімнің порталында ("NATIJE" қосымша сервисі) мониторинг объектілері бойынша электрондық деректер базасын қалыптастыру және жүргізу;

5) мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды одан әрі дамыту бойынша проблемаларды анықтау және ұсынымдар әзірлеу мониторингтің негізгі міндеттері болып табылады.

2-тарау. Мемлекеттік мүлік объектілерінің мониторингін ұйымдастыру тәртібі

7. Мемлекеттік мүліктің түрлері бойынша республикалық және коммуналдық мүлік мониторингі, ал жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері бойынша облыстық, аудандық коммуналдық мүлікке және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкіне мониторинг жүргізіледі.

8. Объектілер мониторингін:

1) республикалық мүлік бойынша – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган;

2) облыстық коммуналдық мүлік бойынша – облыстық уәкілетті орган;

3) аудандық коммуналдық мүлік бойынша – аудандық уәкілетті орган;

4) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі бойынша – жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлік жөніндегі уәкілетті органы ұйымдастырады.

9. Мониторинг субъектілері мониторинг объектілерін бір жүз пайыз қамтумен жыл сайын мониторинг жүргізеді.

10. Мониторинг:

1) активтердің, негізгі және қосалқы өндірістің жай-күйін талдау – қызметтің технологиялық аспектілерінің;

2) қызметтің тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қолжеткізуді талдау, негізгі қызмет бойынша кірістер мен шығыстарды, еңбекақы төлеу саясатын талдау,

мониторинг объектісінің қаржылық жағдайының тұрақтылығын талдау – қаржы-шаруашылық қызметінің;

3) жүргізілетін қызметтің ұйым жарғысына, сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) және концессия шарттары не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарына сәйкестігі – құқықтық мәселелердің талдауын қамтиды.

3-тарау. Мемлекеттік мүлік объектілерінің мониторингін жүзеге асыру тәртібі

11. Мониторинг субъектілері мониторингті жүзеге асыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 ақпанда № 18328 болып тіркелген) сәйкес әзірленген тізілімде ұсынылған мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерде;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 149 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 9 сәуірде № 10663 болып тіркелген) және 2015 жылғы 26 ақпандағы № 139 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 10 сәуірде № 10685 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес әзірленген тізілімде ұсынылған мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерде көрсетілген қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері негізінде тізілімде орналастырылған мониторинг объектілерінің тізбесіне сәйкес жыл сайын талдау жүргізеді.

12. Мониторинг субъектілері мониторингті жүзеге асыру үшін қатысуға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ салалық мемлекеттік органдардың қызметкерлерін жұмылдырады.

13. Мониторинг субъектісі басшысының шешімімен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ салалық мемлекеттік органдардың қызметкерлерінің қатысуымен Комиссия құрылады.

14. Мониторинг субъектілері жүргізілген талдау қорытындысы бойынша осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырады.

15. Қорытынды мониторинг объектілерінің қызметіндегі келеңсіз процестердің алдын алу мен салдарын жою жөніндегі ұсынымдарды қамтуы тиіс, олар:

республикалық мүлік бойынша – тиісті салаларға басшылық ету жөніндегі уәкілетті органға;

коммуналдық мүлік бойынша – мониторинг объектісіне жіберіледі.

16. Мониторинг объектілері және тиісті салаларға басшылық ету жөніндегі уәкілетті органдар қорытындыны алған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде мониторинг

субъектісінің атына ұсынымдармен келісу туралы жауапты немесе ұсынымдармен келіспеу туралы дәлелді жауапты ұсынады.

17. Мониторинг субъектілері ағымдағы жылғы 25 желтоқсанға дейін мерзімде мониторинг объектілерінің және тиісті салалардың уәкілетті органдарының жауаптарын ескере отырып, жиынтық талдауды және ұсынымдарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

18. Мониторинг субъектілері мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігіне жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша мониторинг нәтижелерін тізілімде орналастырады.

19. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы, ұлттық басқарушы холдингтердің, басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың атқарушы органдарының басшылары әкімшілік не қылмыстық құқық бұзушылық белгісі жоқ шығынға не жоспарланғаннан артық шығынға әкелген даму жоспарының немесе іс-шаралар жоспарының жоспарланған көрсеткіштерін орындамағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылады.

Мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары мониторинг нәтижесі бойынша жасалған талдау мен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынымын назарға алып, мемлекеттік кәсіпорынның басшысына, ұлттық басқарушы холдингтердің, басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшыларына, мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың атқарушы органының басшысына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жаза қолдану туралы мәселені қарайды және шешім шығарады.

Егер мемлекет қатысатын заңды тұлғалар дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) пайызы 100 % (бір жүз пайыздан) кем болса, онда мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың атқарушы органының басшыларына тәртіптік жаза қолдану мәселесі және ол туралы шешім қабылдау Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы" Заңдарына сәйкес Директорлар кеңесінің отырысына және (немесе) акционерлердің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының қарауына шығарылады.

Мемлекеттік мүлікті, оның
ішінде мемлекеттік
кәсіпорындардың және
мемлекет қатысатын заңды
тұлғалардың басқару
тиімділігінің мониторингін
жүзеге асыру қағидаларына
қосымша

Мониторинг нәтижелері бойынша талдау

(_____ ж. факт және _____ жылға жоспар)

1. Мониторинг объектісі туралы жалпы мәлімет

1.1. Мониторинг объектісін құру туралы шешім

1.2. Объектіні құру мақсаты

1.3. Мониторинг объектісінің орналасқан орны

2. Мониторинг объектісі қызметінің технологиялық аспектілері

2.1. Активтердің, негізгі және қосалқы өндірістің жай-күйін талдау

3. Мониторинг объектісінің қаржы-шаруашылық қызметінің талдауы

3.1. Мониторинг объектісі қызметінің тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қолжеткізуді талдау

3.2. Негізгі қызмет бойынша кірістер мен шығыстар

3.3. Мониторинг объектісінің еңбекақы төлеу саясатын талдау

3.4. Мониторинг объектісінің қаржылық жағдайының тұрақтылығын талдау

4. Құқықтық талдау

4.1. Жүргізілетін қызметтің ұйым жарғысына, сенімгерлік басқару, мүліктік жалдау (жалға алу) және концессия шарттары не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарына сәйкестігі.

ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ

ҰСЫНЫСТАР